

"Талас аудандық мәслихаты аппараты" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы" Талас аудандық мәслихатының 2014 жылғы 28 наурыздағы №29-8 шешімінде күші жойылды деп тану туралы

Жамбыл облыстық мәслихатының 2018 жылғы 25 тамыздағы № 26-4 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2018 жылғы 11 қазанда № 3965 болып тіркелді

Р К А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Күжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 4-2) тармақшасына сәйкес Жамбыл облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Жамбыл облысының қалалары мен елді мекендерінің аумақтарын абаттандыру Қағидаларын бекіту туралы" Жамбыл облыстық мәслихатының 2017 жылғы 27 маусымдағы № 12-16 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3484 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электронды түрде 2017 жылдың 26 шілдесінде жарияланған) келесідей өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Жамбыл облысының қалалары мен елді мекендерінің аумақтарын абаттандыру Қағидаларының:

47 тармағы келесідей жаңа редакцияда жазылсын:

"47. Ғимараттардың және құрылыштардың қасбетіне инженерлік жабдықтардың элементтерін (деректерді қабылдау антенналарын, ауаны қалыпқа келтіру жүйелерін) орналастыру нысанның жалпы сәулет келбетіне жағымсыз әсер келтірмеуі керек.

Балкондарда, лоджияларда, есіктерде, ғимараттардың көрмелерінде, коммерциялық нысандарда, дүнгіршектерде, тұрғын үйлер мен басқа да нысандардың көшеге қарайтын қасбетіне баннерлерді, планшеттерді, парактарды орналастыруға және ілуге рұқсат етілмейді".

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Жамбыл облыстық мәслихаттың кәсіпкерлікті қолдау, құрылыш, көлік және коммуналдық салаларды дамыту мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихаттың хатшысы

Б. Қарашолаков

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы Денсаулық
сақтау министрлігі Қоғамдық денсаулық
сақтау комитетінің Жамбыл облысы
қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің
басшысы

_____ Б.Қ. Жарқынбеков

"_____" 2018 жыл

"КЕЛІСІЛДІ"

Жамбыл облысы әкімдігінің
сәулет және қала құрылышы
басқармасы басшысының
міндетін атқарушы

_____ Д.І. Досанов

"_____" 2018 жыл

"КЕЛІСІЛДІ"

Жамбыл облысы әкімдігінің
энергетика және тұрғын
үй-коммуналдық шаруашылық
басқармасының басшысы

_____ Н.Ж. Алдамжаров

_____ 2018 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК